



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан монеталары» мобильді қосымшасы туралы

Астана қ.

2023 жылғы 14 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) халық арасында монета өнімдерін кеңінен насихаттау үшін 2022 жылы «Қазақстан монеталары» мобильді қосымшасын (бұдан әрі – *мобильді қосымша*) қолданысқа енгізді.

Мобильді қосымша циркуляциялық, коллекциялық және инвестициялық монеталардың электрондық каталогы түрінде әзірленді. Онда ҚҰБ шығарған барлық монетаға қатысты ақпарат топтастырылған. Қосымшада әр серия бойынша шығарылған монеталардың қысқаша сипаттамасымен тақырыптық бөлімдер қамтылып отыр. Кейбір жекелеген монеталар туралы видеороликтерге, монеталардың 3D-кескініне, сондай-ақ толықтырылған шынайылық элементтеріне сілтеме берілген.

Мобильді қосымшада арнайы опция бар. Соның көмегімен пайдаланушы өзінің электрондық базасын (*коллекция жиынтығын*) жасай алады. Бұл – қолда бар монеталардың қағаздағы есебінің тиімді баламасы. Коллекциялық монеталар бұрынғыша ҚҰБ интернет-дүкені арқылы сатылатынын атап өтеміз.

Мобильді қосымша Қазақстанның нумизматика тарихынан сыр шертіп, түрлі дәуірлер мен кезеңдердегі сәулет және мәдени ескерткіштермен, маңызды тарихи оқиғалармен, қазақ халқының көрнекті қайраткерлерімен, бай мәдениетімен және дәстүрімен танысуға мүмкіндік береді.

ҚҰБ коллекциялық монеталарды шығара отырып, Қазақстанды, тұмса табиғаттың сұлулығын, халқының дәстүрі мен бай тарихын таныстырады. Монета өндірісінің заманауи жетістіктері мен мамандардың кәсіби шеберлігін паш етеді.

Мобильді қосымшаны [PlayMarket](#) пен [AppStore](#) дүкендерінен тегін жүктеуге болады.



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz